

**Докторант Досматова Кенжеш Рахымжанқызының**  
**«Қазақстан Республикасында тұратын нейтралды қалыптасқан тістемі**  
**бар тұлғалардың бүйір проекцияда жасалған бас**  
**телерентгенограммаларының салыстырмалы сипаттамасы»**  
**тақырыбындағы**  
**8D10141 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия**  
**докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық**  
**жұмысына ғылыми кеңесшінің**  
**ПІКІРІ**

Докторант К.Р. Досматованың диссертациялық жұмысы Диссертациялық кеңес туралы ереже мен философия докторы (PhD) дәрежесін беру қағидаларының талаптарына сәйкес орындалған, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Ғылыми жұмыстың тақырыбы Қазақстанның жергілікті ересек тұрғындары арасында бүйір проекциядағы бас телерентгенограммаларының салыстырмалы сипаттамасына арналған. Зерттеу нәтижелері негізінде тіс-жақсүйек аномалияларын емдеу алгоритмін жетілдіру және еліміздегі ортодонтиялық көмектің жай-күйін бағалау арқылы практикалық ұсыныстар әзірлеу көзделген. Өртүрлі этностық топтардағы бет-жақсүйек және тіс құрылысының морфологиялық ерекшеліктерін ескеру сапалы медициналық көмек көрсету мен ұзақ мерзімді тиімді нәтижелерге қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады. Осыған байланысты заманауи ортодонтиялық талдау әдістері арқылы алынған қазақ этносына тән нормаларды қолдану диагноз қою мен емдеудің сапалы критерийі болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін докторант тиісті міндеттерді айқындап, зерттеу дизайнын, сондай-ақ релевантты материалдар мен әдістерді анықтаған. Орындалған жұмыстың көлемі, құрылымы мен мазмұны диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында ғылыми баяндау стилі мен логикалық бірізділік сақталған, нәтижелер мен қорытындылардың негізділігі, талдауы мен синтезі көрсетілген. Тәжірибелік ұсыныстар толық көлемде негізделген және оларды денсаулық сақтау тәжірибесінде қолдануға ұсынуға болады.

Диссертация жоғары әдіснамалық деңгейде орындалған, статистикалық әдістерді қолдана отырып талданған елеулі көлемдегі деректерді қамтиды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Досматова К.Р. өзін мақсатқа ұмтылған, терең ойлайтын, ғылыми ізденіс әдістері мен әдіснамасын жетік меңгерген зерттеуші ретінде көрсетті. Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтап, қойылған міндеттерді орындап, зерттеу мақсатына қол жеткізген.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы стоматологиялық клиникалар мен оқу орталықтарына енгізу актілерімен расталған (ЖШС «МК clinic», ЖШС «Оқу-клиникалық орталық «Стоматология»» (Астана қ.), ЖШС «Arys Dental» Atelier and School (Алматы қ.), сондай-ақ зерттеу материалдарының ҚазҰМУ-дың оқу үдерісінде қолданылуымен дәлелденген.

Ізденуші тарапынан 8 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық журналда 1 мақала (CiteScore 1.9, 42%, 2024), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары

білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық конференция материалдарында 1 тезис, 1 пайдалы модельге патент, авторлық құқық объектілеріне 2 мемлекеттік тіркеу куәлігі алынған.

Осылайша, докторант жұмысының нәтижелері ғылыми жаңалығы мен маңыздылығымен ерекшеленеді және денсаулық сақтау саласының маңызды бағыты – тіс-жақсүйек жүйесі аномалияларын тиімді диагностикалау, емдеу және оңтайлы жоспарлау ісінің дамуына белгілі бір үлес қосады.

Досматова Кенжеш Рахымжанқызының «Қазақстан Республикасында тұратын нейтралды қалыптасқан тістемі бар тұлғалардың бүйір проекцияда жасалған бас телерентгенограммаларының салыстырмалы сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D10141 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, дербес әрі аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,

Медицина ғылымдарының докторы, профессор  
«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАК  
ортопедиялық стоматология кафедрасының  
меңгерушісі



Алтынбеков К.Д.